

Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 433 "2020-2022 жылдарға арналған Тасқопа ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2020 жылғы 27 мамырдағы № 479 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 маусымда № 7151 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9–1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 433 "2020-2022 жылдарға арналған Тасқопа ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6751 тіркелген, 2020 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшада:

кірістер - "27 491" сандары "30 491" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттер түсімдері - "25 938" сандары "28 938" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

шығындар - "27 491" сандары "30491" сандарымен ауыстырылсын;

мынандай мазмұндағы 4-1 тармақпен толықтырылсын:

"4-1. 2020 жылға арналған Тасқопа ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен 3 000 мың тенге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскендігі ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің сомасын бөлу Тасқопа ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімдегі 1-қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Б. Отарбаев

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Избасов

Темір аудандық мәслихатының
2020 жылғы 27 мамырдағы № 479

шешіміне қосымша

Темір аудандық мәслихатының
2020 жылғы 6 қаңтардағы

№ 433 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Таскопа ауылдық округі бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
			I. Кірістер		30 491
1			Салықтық түсімдер		1 143
	01		Табыс салығы		120
		2	Жеке табыс салығы		120
	04		Меншікке салынатын салықтар		1 023
		1	Мүлікке салынатын салықтар		188
		3	Жер салығы		35
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		800
2			Салықтық емес түсімдер		410
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		210
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		210
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер		200
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер		200
4			Трансферттердің түсімдері		28 938
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		28 938
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		28 938
Функционалдык топ	Кіші функция	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	30491
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	23 391
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	23 391
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	23 391

			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21 591
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1800
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 300
	3			Елді-мекендерді көркейту	6 300
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 300
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 200
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	600
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4 500
13				Басқалар	800
	9			Басқалар	800
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	800
			040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	800
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу		0
Функционалдық топ	Кіші функция	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				V. Бюджет тапшылығы	0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары		0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары		0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары		0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК